



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 34 (833) 22 тамыз 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizihttps://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІ АРАЛАП, ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУДЕ



Аудан әкімі өткізген кездесулерде ауылдық округтердің әкімдері ағымдағы ақпарат ұсынып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев, аудандық аурухананың бас дәрігері Гүлбану Сағындықова, Білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Қарабаев және учаскелік полиция инспекторлары өз салалары бойынша қосымша баяндама жасады.

Рахат Назымбекұлы халықпен кездесулерді өзара диалог нұсқасында құрып, ауылдықтардың мұң-мұқтажын тыңдады. Жұртшылықпен кездесулер барысында кентшілік жолдарды жөндеу, су тарту желілерін қайта жаңғырту, көшелерді жарықтандыру, елді мекендерді абаттан-

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жұмыс сапарымен аудандағы ауылдық округтерді аралап, халықпен кездесулер өткізуде. Аудан басшысы ауылдықтармен жүздесіп, округтегі өзекті мәселелермен танысуда. Мақсат – ауыл тұрғындарын толғаандыраған сұрақтарды айқындап, оларды одан әрі шешу үшін жұмыс жасау.

дыру, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, балалар ойын алаңдарын салу, ауылдарға кіре-беріс жолдарды қалпына келтіру, қолжетімді ұялы байланыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік объектілерді қысқы жылыту маусымына дайындау, ауылдарға газ тасымалын реттеу сияқты өзекті мәселелер көтеріліп, оларды шешу жолдары пысықталды.

- Мөңгі тұрғындармен өткізген әрбір кездесуіме хаттама жасалып, мамандар

сұрақтарды жазып алуда. Барлық ауылдық округтерді аралап шыққан соң, аудан әкімінің орынбасарларымен, мемлекеттік мекеме басшыларымен және ауылдық округ әкімдерімен жиын өткізіп, халықты толғандырган мәселелердің сәтті іске асуын талқылайтын боламыз. Президент атап өткендей, бірінші кезекте, халықтың пікір ескеріледі. Біз осы қағиданы ұстанып, Президенттің, Үкіметтің және облыс әкімінің тапсырмаларын орындап, тұрғындардың

сұрақтарын шешуге атсалысамыз. Ол үшін бізде барлық өкілеттік пен мүмкіндіктер бар. Елімізде қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға арналған көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Сондықтан бәріміз бір іске жұмылып, бір адамдай қоян-қолтық жұмыс жасауымыз керек, - деді Рахат Назымбекұлы.

Жаңадан тағайындалған әкіммен танысқан ауылдықтар кездесуде қордаланып қалған мәселелерін жасырмады. Өйткені аудан басшысының өткізіп жатқан кездесулерінің мақсаты да осы. Жұық арада жалпы ауданның одан әрі даму бағыттары зерделеніп, халықтың көтерген мәселелерін шешу жолдары айқындалатын болады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

АУДАНЫМЫЗДА 20,2 МЫҢ ТОННА НЕМЕСЕ 80% ШӨП ӘЗІРЛЕНДІ

Алғашқы сұрақ бойынша ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының м.а. Дәуіт Сұлейменов сөз сөйлеп, аудан бойынша шөп дайындау науқаны туралы айтып берді.

- Малды қыстан аман шығару үшін нормаларға және жеткізілген облыстық жоспарға сәйкес, аудан бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында 61,3 мың тонна шөп, 19,0 мың тонна пішен, 22,6 мың тонна сүрлем, 56,2 мың тонна сабан және 38,7 мың тонна астық жем дайындау қажет.

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы жануарларының жемге деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін аудан бойынша жем-шөп дайындауға 31,9 мың га алқапқа егілді, оның ішінде:

- бір жылдық шөптер - 8,5 мың га;
- көпжылдық шөптер - 0,4 мың га;
- өткен жылдардағы көпжылдық шөптер - 19,7 мың га;
- сүрлем дақылдары - 3,3 мың гектар алаңға себілді.

Сондай-ақ, 107,8 мың гектар жайылымдық жерлер бар, оның ішінде елді мекендерде - 44,4 мың гектар.

Статистика деректері бойынша ауданда жануарлар саны (ІҚМ - 23,3 мың бас, жылқылар - 10,8 мың бас, ұсақ мал - 28,1 мың бас. Аудан бойынша барлығы шартты бас - 35,9 мың бас, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтарда ІҚМ - 7,0 мың бас, жылқы - 5,2 мың бас, ұсақ мал - 17,1 мың бас. Барлығы шартты бас - 15,1 мың басты құрайды).

Ауылдық округтер әкімдіктерінің жедел деректері бойынша ауданда 68 жем-шөп дайындау бригадасы ұйымдастырылған, онда шөп шабуға 210 бірлік техника (шөп шабатын комбайндар), шөп тирмалауға және іріктеуге 155 бірлік техника (жинаушылар, пресс-жинаушылар, тирмалар, бүйірлік тирмалар), шөп тиелеу 53 бірлік техника, шөп тасуға 55 бірлік техника тартылған, әр бригадаға шөп дайындау жүктемесі - 370 тонна. Бұдан басқа, АШТӨ-де 41 бригада ұйымдастырылды, шөп дайындау жүктемесі - 882 тонна.

Ағымдағы кезеңде аудан бойынша 61,2

20 тамыз күні аудан әкімдігінің мөжілісзалында аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрағасы, мемлекеттік органдар мен аумақтық ұйымдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты. Кеңесте шөп дайындау, «Мектепке жол» акциясы және мемлекеттік сатып алу бойынша үш сұрақ қаралды.

мың тонна шөп (105,3%) және 21,2 мың тонна пішендеме (140,3%) дайындалды. Тамыздың үшінші онкүндігінде шаруашылықтар сүрлем дайындауға кіріседі.

Ауылдық округ әкімдерінің жедел деректері бойынша: 20 тамыздағы жағдай бойынша жоспарда - 25,1 мың тонна дайындау қажет, қазіргі таңда - 20,2 мың тонна немесе 80,2 % шөп әзірленген.

Аудан бойынша аулалардың саны - 8450 құрайды, оның ішінде мал өсіретін 4634 аула бар. Шөлке мұқтаж 3291 аула, оның ішінде 2643 аула немесе 80,3%-ы шөппен қамтамасыз етілген.

Облыс басшылығының тапсырмасына сәйкес, бір тонна шөптің бағасы - 15,0 мың теңгеден аспауы тиіс. Қазіргі уақытта аудан бойынша баға 15,0-ден 20,0 мың теңге аралығында.

Ағымдағы жылы шөп өте жақсы шықты. Сондықтан ауыл шаруашылығы жануарлары өсіретін ауданның ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін бір жарым жылдық жем-шөп қорын дайындау үшін барлық алғышарттар бар.

Егін жинау науқанының басталуымен ауылдық округтердің әкімдіктерімен бірлесіп, агроқұрылымдардың басшыларымен елді мекендердің маңында астық жинайтын комбайндардың жұмысын сабанды ұсақтағышсыз түсіруін қамтамасыз ету, халықты сабанмен қамтамасыз ету бойынша қолжетімділік үшін түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ бөлімнен АШТӨ мен округтерге телефонограмма жолданды, - деді Дәуіт Садықұлы.

Аудан басшысы жиында ауылдық округтер мен Булаев қаласының әкімдеріне жем-шөп дайындаумен айналысатын шаруашылық басшыларымен қолжетімді (жеңілдетілген) бағамен шөп азығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

- Біздің мәліметімізше, Олх-те жүргізілген талдау бойынша 1 тонна шөп бағасы 25,0-30,0 мың теңге аралығында. Сондықтан

ауылдық округтер мен қала әкімдері осы тұлғаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізісіп, тиісті органдарға заңсыз сұрада туралы хабарласын. Шынында да, шабындық алқаптарды өз бетінше басып алу және шөпті жоғары бағамен сату жүргізілуде, ал жергілікті атқарушы органдар ешқандай шара қолданбай отыр. Біз бірінші кезекте халықты ойлауымыз керек. Мал өсіретін аулаларды арзандатылған шөппен қамтамасыз етуіміз қажет. Биыл шөп мол, сол себепті оның бағасы да қымбат болмауы керек, - деп қорытындылады Рахат Назымбекұлы.

Екінші сұрақ бойынша аудандық білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Қарабаев баяндама жасап, 1 тамыздан бастап «Мектепке жол» акциясы басталғанын тілге тиек етті.

- Жоспарға сәйкес аудан мектептері мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында білім алушылардың жаңа жиынтығын ескере отырып, мектептердің әлеуметтік паспорттарын, көмекке мұқтаж балалардың дерекорын қалыптастырды.

Полиция бөлімімен және ата-аналар қоғамымен бірлесіп, дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында «Жұмыспен қамту», «Түңгі қаладағы балалар» (қоғамдық орындар, компьютерлік клубтар) рейдтер өткізіледі.

2024 жылы Мағжан Жұмабаев ауданында мектеп жасындағы 3457 бала бар. Оның ішінде 885 оқушыға жаңа оқу жылына дайындық кезінде көмектесу үшін бюджет қаражатынан 35,7 млн. теңге бөлінді. Біржолғы жәрдемақы төлеу 2024 жылғы 30 тамызға дейін жалғасады және бір балаға 43407 теңгені құрайды.

Қазіргі уақытта бюджет қаражатынан 28,6 млн. теңге көлемінде төлем аудан мектептерінің 660 оқушысына жүргізілді және 265 балаға 498 мың теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетілді. Бұл жұмыс өлі де жалғасады, - деді Талғат Қарабаев.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

САППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ - АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ



Депутаттар ауданда 2023 жылы «Ауыл Аманаты» бағдарламасын іске асыру, аудан мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы № 7-3 «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жөкеледің және санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу, аудан әкімдігі жанындағы жер комиссиясының құрамын және ол туралы ережені бекіту, аудан әкімдігінің дербес құрамы, кейбір учаскелік сайлау комиссиялары құрамындағы өзгерістер туралы мәселелерді қарады.

20 тамыз күні сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың он сегізінші сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік орган басшылары мен ауылдық округ әкімдері қатысты. Сессияның жұмысы Facebook желісі арқылы тікелей көрсетілгенін де атап өтеміз.

Аманаты» бағдарламасы іске асырылып, 185,0 млн. теңге сомасына кредиттеуге 25 әлеуетті қатысушысы тілек білдірді.

- Қазіргі таңда 143,1 млн. теңге сомасына 20 өтінім мақұлданды. Айтпа айтқанда, мал шаруашылығын дамытуға 45,3 млн. теңге сомасына 7 өтінім; келесі шаруашылықтар 62 бас жылқы сатып алды: «Нұршев» ЖК - 9 бас, «Әлдиков» ЖК - 18 бас, «Әйгерім» ЖК - 13 бас, «Асылхан» ЖК - 11 бас, «Сыздықов» ЖК - 11 бас, ЖК «Тимур» - 6 бас, «Сексімбаев» ЖК - 40 бас қой.

Техника мен жабдықтарды сатып алуға 81,2 млн. теңге сомасына 10 өтінім берілді: «Тұрсынбеков» ЖК - газель-термомен қалааралық тасымалдау, «Абдрахманов» ЖК - газель-термомен ритуалдық қызметтер, «Арсен» ЖК - жеңіл автомобиль жолушыларды тасымалдау, «Шәкенов» ЖК - тауар тасымалдау, «Grant Камаз» ЖК - жүк тасымалдау, «Қайсар» ЖК - комбайн сатып алу, «Құсайынов» ШҚ - сепкіш сатып алу, «Олжабаев» ЖК - шағын тигіш сатып алу және қызмет көрсету, «Табыс Агро» ЖК - комбайн сатып алу, «АК» ЖК - автокран сатып алу және қызмет көрсету.

Айналым қаражатын толықтыруға және дүкендер ашуға 16,6 млн. теңге сомасына 3 өтінім мақұлданды: олар «Мұқанов» ЖК - дүкен үшін жабдық сатып алу, «Оксана» ЖК - айналым қаражатын толықтыру, «Смағұлов» ЖК - жабдық сатып алу.

- Өткен жылы «AMANAT» партиясы

ауыл халқының еңбек табысын арттыру мақсатында Үкіметпен бірлесіп «Ауыл Аманаты» жобасын іске қосқан болатын. Бастапқыда пилоттық жоба ретінде қолға алынған жоба бүгінде ел көлемінде жүзеге асырылып келеді. Халықтың жартысынан астамы ауылдық жерде тұратын солтүстік өңір үшін бұл жобаның маңызы зор. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырып, әлеуетті несиелі қатысушыларды анықтау қажет. Осылайша, біз мағжандықтардың әл-ауқатын арттырып, табыстарын көтеріп, ауылдықтардың жеке кәсіппен айналысуына жол ашамыз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Кездесу барысында басқа да баяндаушылар сөз алып, жоғарыда аталған мәселелер бойынша ақпарат ұсынды.

Сессия жұмысының соңында күн тәртібіне шығарылған мәселелер бойынша депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.

ДЕПУТАТТАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

20 тамыз күні Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясы Мағжан Жұмабаев ауданы «AMANAT» партиясы филиалының партиялық бақылау комиссиясымен бірлесіп, кеңейтілген отырыс өткізді.

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов 2024-2025 жылдарға арналған жылу маусымына әлеуметтік нысандарды дайындау барысы туралы баяндап, қазіргі таңда 46 білім беру мекемесінің 27-сі немесе 59% дайындық паспортын алғанын жеткізді.

- Мағжан Жұмабаев ауданында 46 білім беру нысаны жұмыс істейді: 40 мектеп және 2 балабақша (мемлекеттік), 4 қосымша білім беру ұйымы (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, қосымша білім беру орталығы, «Ақбайың» балалар сауықтыру лагері (жылтырмайды), «Алтын ұйрағ» балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы).

Бүгінгі күні аудандағы білім беру ұйымдарына 7807,5 тонна көмір тасымалданды. Бүгін көмір түсіру пунктіне тағы да 700 тонна көмір келіп түсті. Ертең Булаев қаласының мектептеріне тасымалданады.

Қазіргі уақытта 8 дана жылу қазандықтары сатып алынып, барлығы мектептерге жеткізілді және орнатылды. Сондай ақ 6 модульдік қазандық сатып алынып, орнатылды. Қазір кейбір нысандарда жылыту жүйелерін жуу және сығымдау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы жылыту маусымына дайындық өлі де жүргізілуде, бәрін бақылауда ұстап отырмыз, - деді Азамат Сайранұлы.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дәуіт Сүлейменов ауданда «Ауыл Аманаты» бағдарламасының іске асырылуы туралы айтып, оның шарттарын тоқталды.

Несиелеу шарттары:

- сыйақының номиналды пайыздық мөлшерлемесі - жылдық 2,5%.
- шағын несиелі сомасы - ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда - 2,5 (екі жарым) мың айлық есептік көрсеткішке дейін немесе 8,6 млн. теңгеге дейін, зәкірлік кооперацияны дамыту үшін - 8,0 (сегіз) мың АЕК немесе 27,6 млн. теңгеге дейін;
- микрокредит мерзімі - 5 жылға дейін, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі - 7 жылға дейін, бірақ бюджеттік кредит шартының қолданылу мерзімінен аспайды.
- жеңілдікті кезек; негізгі борыш пен

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ



сыйақы бойынша микрокредиттеу мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайды.

Бүгінгі таңда ауданның 25 азаматы 185,0 млн. теңге сомасына өтінім берді, бірақ жобаға 143,1 млн. теңге сомасына 20 қатысушының өтінімі мақұлданды, - деді баяндамасын қорытындылаған Дәуіт Садықұлы.

Аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағанбетов депутаттарға Булаев қаласы бойынша сумен қамтамасыз ету жөнінде ақпарат ұсынды. Оның айтуынша, Булаев қаласында су құбыры құрылыстарын қайта жаңартуға 220 069,4 мың теңге бөлінді. 2024 жылға 171 288,0 мың теңге бөлінді, тағы да 48 781,4 мың теңге талап етіледі. Бас мердігер

- «Райс КЗ» ЖШС, техникалық қадағалау - «Экспертсочка» ЖШС. Таза су резерварын бөлшектеу бойынша жұмыстар орындалып, қазір монтаждау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ ескі жабдықтарды бөлшектеу және мұнараны жылыту бойынша жұмыстар қолға алынды.

Сонымен қатар, Биыл Булаев қаласындағы құдықтар мен гидранттарды жөндеу және орнату жұмыстарына аудандық бюджеттен - 3,4 млн. теңге бөлінді. Мердігер - «Су-Инжиниринг» ЖК барлық жұмыстарды орындады.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
партиялық бақылау комиссиясының мүшесі.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ



МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

«Мектепке жол» акциясының басты мақсаты - аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсету болып табылады. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу «Булаев мектеп-бәбекжай кешені» КММ-де жақсы дәстүрге айналды.

Әсіресе, жетім балаларға, көп балалы және аз қамтылған толық емес отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына қолдау көрсету тек қана мектеп ұжымы ғана емес, сондай-ақ бұл дәстүрді ауданымыздың барша активі мен ардагерлері де қолдайды.

16 тамыз күні Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі оқушыларды жаңа оқу жылына дайындауда көмек көрсетіп, қол ұшын берді.

Нақты айтқанда, мектепке керек-жарақтары бар 10 портфель сатып алып, мектеп оқушыларына таратып, үлкен сауапты іске көмектесті. Сонымен қатар акция барысында 10 оқушы жаңа оқу жылына дайындық үшін мемлекеттен қолдау шарасында қаржылай төлемдер алды.

Сонымен қатар, қайырымдылық көмек көрсетуге демеушілерді, әлеуметтік серіктестерді, мемлекеттік құрылымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Республикалық акция күнтізбелік жыл бойы жалғасын аймақ бойында өткізіледі.

Сөз соңында айтарымыз, осындай керемет акция тоқтал қалмай, өз жалғасын тауып, бүгінгімізге қуаныш сыйлай беруге тілектеспіз!

Ұлы Дала Дүбтрі



5-ші
**ДҮНИЕЖҰЗІЛІК
КӨШПЕНДІЛЕР
ОЙЫНДАРЫ**
АСТАНА 2024

The Gathering
of the Great
Steppe

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӨКПАРШЫЛАР КӨКБӨРІ ОЙЫНЫНА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР



Алдағы қыркүйекте Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында қазақстандық көкпаршылар Алматы облысында көкпар және көк бөрі ойындары бойынша оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

«ДКО аясында көкпар және көкбөрі ойындары өтеді. Қазір спортшылардың дайындықтары жақсы. Басты

қарсылас ретінде Қырғызстан мен Өзбекстанды айтар едім. Егер біз көкпардан жеңісімізге сенімді болсақ, көкбөрі ойынынан мүмкіндіктеріміз тең дәрежеде. Біраз жылдан бері көкбөрі ойнаған жоқпыз. Десе де жеңіс үшін барлық мүмкіндігімізді пайдаланамыз», - деді көкпардан ұлттық құраманың бас бапкері Ақылбай Манкеев.

Көкпардан ұлттық құрама мүшесі Наурызбай Қалтаев байрақты бәсекеге дайындық жайлы және көкпар мен көкбөрінің айырмашылықтары туралы айтып берді.

«5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына деген дайындығымыз жоғары деңгейде өтіп жатыр. Екі спорттың айырмашылығы тайм санында – көкбөріде үш тайм ойналады, ал көкпарда екеу. Көкбөріде қазандыққа, ал көкпар жерге сызылған шеңберде ойналады», - деп атап өтті Наурызбай Қалтаев.

Көкбөрі сайысы бойынша әр командадан 12 қатысушы болады. Спортшылардың дайындығы үшін Көкпар федерациясы тәжірибелі кеңесшілерді тартқан. Оқу-жаттығу жиындары ҚР Туризм және спорт министрлігінің Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының қолдауымен ұйымдастырылып отыр.



МЕРГЕНДЕР МҮЛТ КЕТНЕЙДІ

Сайын даланы дүбірімен тербейтін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында садақшыларға да зор сенім артылып отыр. Олар елордадағы «Қазанат» атшабарында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, шеберліктерін шыңдап жатыр.



спортшының елімізде кең қанат жақына Дүниежүзілік көшпенділер ойындары серпін беретіні сөзсіз. Замандастарымыздың арасында ұлттық спортқа қызығушылар қатары артып келе жатқаны қуантады», дейді мерген қыз.

«Дәстүрлі садақ ату» федерациясы да Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамына кіреді. 89 елден 2 мыңнан аса спортшы қатысатын Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында дәстүрлі садақ атудан сыңға түсетін мергендердің өнерін көрермендер «Көшпенділер ғаламы» этноаулының алаңында тамашалайды.

Дәстүрлі садақ ату сайысына қатысушы мергендердің жетекшілері, яғни әр елден келген команда басшылары 8 қыркүйекте мандаттық комиссия талқылауына қатысады. Мергендер додасына қатысатын спортшының садағы, жебесі талапқа сай болуы қатаң ескеріледі. Әр елден келетін команда құрамында 18 жастан асқан 6 ер, 4 әйел садақшы додаға қосылады.

Дәстүрлі садақ атушылар Астана төрінде өтетін көшпенділер ойындарында бірнеше нысанға тигізуден сайысқа түседі. Түріктің «Пута» деп аталатын нысанасына ерлер 70 метр қашықтықтан ататын болса, әйелдер 60 метрден көздейді. Қазақтың «Қалқап» деп аталатын нысанасының диаметрі 60 см болады. Түріктің пута нысанасына қарағанда қашықтық жақындау: ерлер 60 метр, әйелдер 50 метрден адырнынсын тартады. Жамбы нысанасында жерден 170 см биікке ілінген жамбыны қағып түсіру үшін ерлер де, әйелдер де 30 метр қашықтықтан шеберлігін сынайды. Дәстүрлі садақ атудан командалық сайыс та осы жамбы ату стилі бойынша өтеді.

Дәстүрлі садақ атудан Түркия елінің мергендері өте тегеурінді. Себебі бұл елде бірнеше жылдан бері халықаралық турнир тұрақты өткізіліп келеді. Садақ атуды кәсіби спорт ретінде танып, ерекше көңіл бөледі. Мажарстанның да садақшылары қиядағыны қағып түсіретін деңгейде. Қырғыздар мен тәжіктер де садақ атуға айрықша көңіл бөліп, дамуына серпін беріп отыр.

ДҮНИЕЖҰЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ БӘЙГЕГЕ ШАБАТЫН АТТАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Алматыда бөйгеден қала кубогі өтіп, ат жарыс аясында Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына іріктеудің екінші кезеңі болды.

«Осы ат жарыс аясында Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы Құнан бөйге, Топ бөйге, Жорға жарыс және Аламан бөйгеге үздік жылқыларды іріктеп алдық», - деді Федерациясының атқарушы директоры Алтай Бимен.

Құнан бөйге бойынша:
I орын - Сұңқар атты тулпар, шабандозы Абзал Тұрғанбек.

II орын - Бакторы, шабандоз - Ділімүр Нұрмұқаш. III орын - Сениорита есімді жылқы, Шабандозы - Абзал Тұрмыс.

Топ бөйге бойынша:
I орын - Зымыран, шабандоз Арнат Мұратхан.

II орын - Маймақ, шабандоз - Абзал Тұрмыс.

III орын - Ертірхан, шабандоз - Исламнұр Ержес.

Жорға жарыс қорытындысы бойынша:
I орын - Аквамарин, шабандоз - Евгений Чибисов.

II орын - Триумф, шабандоз - Әлия Тоқтасынова.

III орын - Профессор, шабандоз - Ерулан Тілеуғалиұлы.

Аламан бөйге бойынша:
I орын - Виза есімді жүйрік, шабандоз - Алихан Бақытханұлы.

II орын - Күрен ат, шабандоз - Арнат Мұратхан.

III орын - Әлқисса атты тулпар, шабандоз - Мәди Жолшыбек.

Еске сала кетейік, Республикалық бөйге федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы ату, садақ ату, күсбегілік, асық ату, «JORY» ат спорты және т.б. федерациялар бар. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығын Исламбек Салжанов басқарады.

Айта көтерлігі, 8-13 қыркүйекте Астана қаласында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Іс-шараға 89 елден 2000-нан астам спортшы қатысады деп жоспарлануда. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі - ALAGEUM ELECTRIC, Ойындардың Бас серіктесі - Halyk Bank. Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрінен 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.





Дүйсенбі, 26 тамыз	Сейсенбі, 27 тамыз	Сәрсенбі, 28 тамыз	Бейсенбі, 29 тамыз	Жума, 30 тамыз	Сенбі, 31 тамыз	Жексенбі, 1 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.45 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 03.10 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.55, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 14.10 АПТА. 15.15 АҚОРДА. 15.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН... 16.05Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 02.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.05Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР». 20.30, 02.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.55 ФУТБОЛ. 03.25 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «КҮМІС КОМЕЙ». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 02.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 03.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.05Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР». 20.30, 02.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 ПАРИЖ 2024. XVII ЖАЗҒЫ НАРАЛЫМНАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ. 03.45 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.30 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15, 02.45 «КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ». 16.05Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.40 САНА. 03.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.00 «ЖӨДІГЕР». 06.30 АҚПАРАТ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.40«ӨН МЕН ӨНІШ». 16.25, 01.10 «ТЕНДІКТИҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ». 16.40 М/Ф «ЭЛЬДОРАДОҒА АПАРАР ЖОЛ». 20.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 Т/Х «КОРҚЫТ». 01.25 «САНА». 02.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 20.00, 01.10 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 «АУЫЛДАС-ТАР». 07.35 «ЗИНҺАР». 08.20, 03.10 ШАҒЫРАҚ. 08.55 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 01.40 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 13.00 «КОНЦІ ТОЛҚЫНЫ». 14.05 М/Ф «ЭЛЬДОРАДОҒА АПАРАР ЖОЛ». 15.25, 23.10 Т/Х «КОРҚЫТ». 17.40 ӘЛЕМ ЖОНЕ БІЗ. 20.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30 АҚПАРАТ. 07.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 08.50 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 09.35, 03.05 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 13.45 «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 15.25 Т/Х «КОРҚЫТ». 17.40 «ЖАНА ОҚУ ЖЫЛЫ». 20.00, 01.20 АПТА. 20.50, 02.10 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «НАРАЛЫМНАДА ДАШЫ», Х/Ф. 02.20 «КҮМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 26 тамыз	Сейсенбі, 27 тамыз	Сәрсенбі, 28 тамыз	Бейсенбі, 29 тамыз	Жума, 30 тамыз	Сенбі, 31 тамыз	Жексенбі, 1 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА». 06.00 «СҮЛТАН БЕЙБАРЫС», Х/Ф. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 PRESIDENT. 10.15 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00, 23.30 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА». 06.00 «ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БАЯН СҮЛУ», Х/Ф. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00, 23.30 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА». 06.00 «ҚУРАҚ КӨРПЕ», Х/Ф. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА». 06.00 «КОШ БОЛ, ГҮЛСАРЫ», Х/Ф. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.30 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА». 06.00 «МУСТАФА ШОҚАЙ», Х/Ф. 08.030 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӘНДЕР. 23.30 «МАРМАДОК», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «MANDAI TER». 06.00 ЖЕТИ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «АРТУР И МИННИПУТЫ». 12.00 «МАРМАДОК», Х/Ф. 14.00, 21.00 «СОЛАЙ БОЛЫП ҚАЛДЫ», Х/Ф. 16.00 Т/Х «ШАШУ». 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 23.00 «ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ, ИЛИ СОСЕДЯМ ВХОД ВОСПРЕЩЕН», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER. 06.30 ЖЕТИ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «АРТУР И МИННИПУТЫ». 12.00 «ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ, ИЛИ СОСЕДЯМ ВХОД ВОСПРЕЩЕН», Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 14.45 «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 16.30 Т/Х «ШАШУ». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «БАЗАР ЖОҚ, МЕКСИКА», Х/Ф. 23.00 «ПОЦЕЛУЙ НА УДАЧУ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 26 тамыз	Сейсенбі, 27 тамыз	Сәрсенбі, 28 тамыз	Бейсенбі, 29 тамыз	Жума, 30 тамыз	Сенбі, 31 тамыз	Жексенбі, 1 қыркүйек
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ОТЕЛЬ КУПИДОН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ОТЕЛЬ КУПИДОН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/С «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «КОЛЬЕ ЭЛЕОНОРЫ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/С «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «КОЛЬЕ ЭЛЕОНОРЫ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/С «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.45 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 09.00 ПОЕХАЛИ! 10.00 «ЧУЖИЕ И БЛИЗКИЕ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 «KOREMIZ». 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ПОБЕДНЫЙ ВЕТЕР, ЯСНЫЙ ДЕНЬ». 02.05 НОВОСТИ. 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 ТАМАША СІТУ. 06.50, 03.15 «П@УТИНА». 07.45 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.45 «НЕМАЯ», Х/Ф. 14.20 «ЖИЗНЬ ТОЛЬКО НАЧИНАЕТСЯ», Х/Ф. 18.40 «СПАСИТЕ КОЛЮ», Х/Ф. 20.45 «ЛЮБИМАЯ УЧИТЕЛЬНИЦА», Х/Ф. 00.55 «ИСКУССТВО СМЕРТИ», Х/Ф. 02.25 Т/С «ВЕЧНОСТЬ». 04.00 УШҚАЛАҚ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 06.40, 03.40 «П@УТИНА». 07.30 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.40 ВОСКРЕСЕНЬЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.45 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ», Х/Ф. 13.45 «РЫСЬ», Х/Ф. 17.55 «КУРКУЛТУ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ЛЮБИМАЯ УЧИТЕЛЬНИЦА», Х/Ф. 01.05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ». 02.50 Т/С «ВЕЧНОСТЬ».

Алда әлі күнді көре білетін ұрпақ келеді! Сол күнді көретін ұрпақ сендерді еске алатын болады. Бізді ризашылықпен, үлкен құрметпен еске алатын болады. Өкінбейдер! Күрес жолына түскендерің өкінбейдер!
Әліхан Бөкейханның Міржақып пен Ахметке абақтыда жолдаған хатынан.



